

**№1 « Саят » бөбекжай бала-бақшасы**  
**2025-2026 оқу жылының**  
**№1 әдістемелік кеңес хаттамасы**

**Тақырыбы:** «Мектепке дейінгі білім беру ұйымының педагог қызметкерлерінің жаңа оқу жылына дайындығы»

**Өткізілген күні:** 05.09.2025 жыл.

**Қатысқан:** 5 педагог

**Қатыспаған:** жоқ

**Күн тәртібінде:**

- 1.«2025-2026 оқу жылына арналған жұмыс жоспарын талқылау және бекіту».
- 2.Өзара ҰІӨ-ге қатысу, тәжірибе алмасу-педагогтың кәсіби өсуінің факторы.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуін ұйымдастыру
- 4.Ағымдағы мәселелер

**Тыңдалды:**

1.Балабақша әдіскері А.Налибаева мектепке дейінгі ұйымның жылдық жоспарымен таныстырды. 2025-2026 оқу жылына арналған

нұсқаулық хатпен таныстырып, жаңа оқу жылындағы өзгерістер талқыланды. Педагогтардың сұрақтарына жауап берді.

2.Тәрбиешілер өзара тәжірибе алмасу, ұйымдастырылған іс-әрекетке қатысу

педагогтың кәсіби шеберлігін арттыруға көмектесетіні туралы ой бөлісті.

Бір-бірінің

сабағына қатысып, әдіс-тәсілдерін көріп, тиімді тұстарын қолданудың пайдалы екенін

айтты. Бұл өз кезегінде шығармашылық ізденісті дамытып, педагогтардың бір-біріне

қолдау көрсетуіне жадай жасайтыны атап өтілді.

3.Әдіскер А.Налибаева балабақшаға жаңадан келген балалардың балабақшаға бейімделуі–оқу жылының басты міндеттерінің бірі екендігі айтылды. Бұл үрдісті тиімді ұйымдастыру үшін онлайн(ата-аналар чаттары, бейнекеңестер, электронды сауалнамалар) әдістерді қатар қолданудың маңызды екенін түсіндірді.

4.Балабақша педагогтары меңгеруші мен әдіскерге түрлі сұрақтар қойып тәжірибе алмасты.

## Шешімі:

1. Педагогтар 2025–2026 оқу жылына арналған перспективалық жоспар, циклограмма, мониторинг құжаттарын уақытылы толтырылып қол қойылсын.
2. Педагогтар өзара ҮІӘ-ге қатысып, тәжірибе алмасуды жалғастырсын.
3. Жаңадан келген балалардың бейімделуі үшін әдістерін қатар қолдану ұсынылсын.
4. Ата-аналармен цифрлық байланыс жүйесін жетілдіру: чат-боттар, мобильді қосымшаларды пайдалану.



**№1 « Саят » бөбекжай-бақшасы**  
**2025-2026 оқу жылының**  
**№2 әдістемелік кеңес хаттамасы**

**Күні:** 14 қараша 2025 ж.

**Қатысқандар:** 7

Қатыспағандар: жоқ

**Күн тәртібі:**

1. Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау.
2. Тілдік ортаны қалыптастыру ерекшеліктерін қарастыру.
3. Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістерін талдау.

**1-мәселе** бойынша Мектепке дейінгі жастағы балалармен тіл дамыту және сауат ашу жұмысын жетілдіру жолдарын айқындау  
Әдіскер А.Налибаева сөз сөйледі. Ол мектепке дейінгі кезең – тілдің қарқынды дамитын ерекше шақ екенін атап өтті. Балалардың дыбыстық мәдениеті, сөздік қоры, байланыстырып сөйлеу қабілеті дәл осы жаста қалыптасады. Осыған байланысты әрбір тәрбиеші күнделікті іс-әрекет барысында тіл дамытуға ерекше назар аударуы тиіс. Тәрбиешілердің тәжірибесінде әңгімелесу, көркем әдебиет оқу, тақпақ жаттату, дидактикалық ойындар ұйымдастыру, ертегіні сахналау сияқты әдістер жиі қолданылатыны атап өтілді. Сонымен бірге, баланың қызығушылығына сүйене отырып, сурет, ойыншық, табиғи материалдар арқылы сөздік қорды байыту тиімді екендігі айтылды.

**2-мәселе** бойынша әдіскер А.Налибаева Тілдік ортаны қалыптастыру туралы айтты. Тілдік ортаны қалыптастыруда педагогтің сөйлеу мәдениеті басты рөл атқарады. Балабақшадағы күнделікті қарым-қатынас кезінде тәрбиеші балаларға дұрыс үлгі көрсетуі керек. Әрбір сұрақты анық әрі түсінікті қою, баланың жауабын тыңдап, оны толықтыруға мүмкіндік беру маңызды деді.

**3-мәселе** бойынша Дыбыспен жұмыс, сөздік қорды байыту әдістері туралы тәрбиеші С.Налибаева сөз алды. «Балалардың тілін дамытуда әрбір күнделікті ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті мен ойынның орны ерекше. Әсіресе дыбыстарды дұрыс айтуға үйретуде жаттығуларды ойын түрінде өткізу баланың қызығушылығын арттырады. Мысалы, «Сиқырлы қапшық» ойынында балалар қапшықтан затты алып, оның атауын дұрыс айтуға тырысады. Бұл ойын сөздік қорды байытуға, ойды жинақтап айтуға көмектеседі деді.

